

Заңгерлік қызметке үміткерлерді кәсіби іріктеудің психологиялық көрсеткіштері.

Сабақ жоспары:

- 1. Сот өндірісі процесін әлеуметтік–психологиялық талдау.*
- 2. Заңгер іс-әрекетіндегі танымдық психикалық процестерді талдау.*



Сот өндірісі процесін әлеуметтік–психологиялық талдау. Сот істері түріне, көлеміне қарай әртүрлі болып келеді, мысалы: қылмыстық, әкімшілік, азаматтық т.б.

Сот ісі процессі бірталай адамға тәрбиелік жағынан көп көмек көрсетеді.

Судьяға жүктелетін негізгі мәселе – ол іс бойынша барлық дәлелдемелерді қарастырып және заңға жүгініп әділ үкім шығару болып табылады.

Сот ісінде тергеу де алынған мәліметтердің бәрі түгел дерлік мұқият тексеріледі.

Судьялар қоғамға өз істерімен ықпал ете алады.

- Азаматтардың құқықтық тәрбиесіне;
- Қылмыстық процесстер әлеуметтік-психологиялық атмосфераға жазадан құтылмауды көздейді.



Қылмыстық істерді қараудың алдында, сотқа ең маңыздысы көз жеткізудің 5 түрін орындау болып табылады.

1) Қылмыстық істің мәліметтерін сот тыңдаушыларына дейін талдау.

2) Сот ісін жүргізуді жоспарлау.

3) Тергелген мәліметтерді сот ісінде тексеру.

4) Соттың өзінің шығарған бағасымен айыпталушының және қорғаушының бағасын салыстыру.

5) Сот қорытынды шешімін кеңесу бөлмесіндегі қызметтестерінің талдауына салу.

Соттың тәрбие жағынан ықпалы үкім шығарылғаннан кейін де жалғастырылады.

Тәрбие ісі сотта үлкен нәтиже береді. Мұнда тәрбие іске жүреді де, сот формасын мүлдем өзгертеді. Бірақ тәрбиелік іс- сотталушыға, залдағы қатысушылардың көзінше, оған тағылатын айыбына сай келмейді. Бұл жерде тек педагогикалық және әңгіме жүргізу эксперименті ғана үлкен мағына береді.



А.Ф.

Кони

Сотталушыны мерзімінен бұрын босататын болса, бұл функция қайтадан сот алдына көшеді және онымен бірге сотталушының жаңа топтағы өмірін де бақылайды.

Бізге белгілі жағдайда, тергеуші, прокурор және сот басы қылмыстық істі алдын ала қозғаған кезде сотталушының бұл қылмысқа бару мақсатын білгеннен кейін істі қолға алып, бұдан былай олай болмаудың жолын көздейді.

Тәрбиенің сотталушыға оның мінезін бақылау кезінде де зор үлесі тиеді. Бұл жайында орыстың әйгілі юристі А.Ф.Кони былай деп жазған: «Сот кезінде такт болу керек. Өйткені сот тек қана сот жүргізу жері емес, ол жер және мектеп болып келеді».

2) Танымдық әрекеттерге келесі процестер жатады: сенсорлы, перцептивті, мнemiкалық, интеллектуалды. Танымдық процестердің бірлігінде олардың үзіліссіз байланыстары жүзеге асады. Қылмыстық, азаматтық процестердің қатысушылары және де куәгерлердің, куәлік етуін дұрыс бағалау үшін, танымдық процестердің қасиеттерін, негізгі заңдылықтарын білу қажет. Куәгердің, жәбірленушінің, күдіктінің, айыпталушылардың беретін жауаптарының материалдарын тіркеу оны жинау мен ақпараттарды өңдеу түйсік пен қабылдау, физиологиялық негізін құрайтын сезім органдары әрекеттерінен басталады. Берілетін жауаптардың қалыптасуына әсер ететін, түйсіну қасиеті - бұл біріншіден, адамдар ажырататын, ең төменгі тітіркену күшімен анықталатын, сезгіштік анализаторлары. Сонымен қатар, екі стимул арасындағы ең төменгі айырмашылықтар, түйсінуді өзгерістерге ұшыратуға қабілетті.

Ең төменгі тітіркену күші – түйсінудің төменгі абсолютті табалдырығы, түйсіну табалдырығы төмен болған сайын, сезгіштік жоғары, ал – тітіркенудің жоғарғы күшімен анықталатын, түйсінудің жоғарғы абсолютті табалдырығы түйсінуге адекватты одан жоғарылау ауырсыну сезімдерін туғызады. Жасқа және басқа жағдайларға байланысты сезгіштік анализаторлары өзгереді, оның өткірлігі 20-30 жасқа қарай жоғарлайды. Сезгіштіктің уақытша ауытқуларына әсер ететін факторлар, тәуліктің мезгілі, сыртқы тітіркендіргіштер, психикалық жағдай т.б. Мысалы: куәгер, айыпталушының сезімдерін сипатын бағалау үшін субъектіге басқа тітіркендіргіштің әсерлері ішімдіктің, нашаның, фармакологиялық заттардың болмағандығын анықтау қажет. Бұл жағдайлар жауап алу, тергеу эксперименттері кезінде ескерілуі қажет. Мысалы, айыпталушының керендік стимуляциясын вибрациялық сезгіштігін зерттей оның жалғандығын, оның арт жағынан еденге бір затты тастау арқылы оның реакциясын байқауға болады. Естуі бұзылған вибрациялық сезгіштігі дұрыс адам бұл тітіркендіргішке жауап береді, ал стимулянт бұл тітіркендіргішке жауап бермейді.